

Правда в архивных документах

Статья «Правда в архивных документах» была опубликована в областной газете «АРАИ» 07.05.2020 №18.

*Ерлікпен алаулаған ер ұшқыны,
лайық, құтты болсын Жеңіс күні!*

**ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ
75
ЖЫЛ**

С ӘУЛИЕАТАЛЫҚТАРДЫҢ
МАҚТААРАЛҒА
КӨМЕГІ *4-бет*

С 500 АДАМҒА
АУЫЗАШАР
ТАРАТТЫ *4-бет*

С РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ
РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ:
САНАНЫҢ
АШЫҚТЫҒЫ ЖӘНЕ
ҰЛТТЫҚ БІЛІМ
ЖҮЙЕСІ *12-бет*

Газет 2005 жылдың 13 қазанынан бастап шығады

*Biz janbasaq lapyldap,
Aspan qalai ashylmaq...*

E-mail:
aray2008@mail.ru
www.ar-ay.kz

АРАИ

*Jastar
gazeti*

№18 (757)
7 мамыр,
бейсенбі
2020 жыл

Облыстық архивтің құжаттары арасынан тың дерекке кезіктік. Ол – Ұлы Отан соғысы жылдары Ленинград заң институтының Жамбыл (қазіргі Тараз) қаласына эвакуацияланғаны туралы ақпарат. 1941 жылы 8 қыркүйектен 1944 жылы 27 ақпанға дейін Ленинград қаласының жау қоршауында қалғаны мәлім. Бұл қыспақ 872 күнге созылған.

АРХИВ ҚҰЖАТЫНДАҒЫ АҚИҚАТ

немесе Ленинград заң институты Жамбыл қаласына қалай эвакуацияланды?



Соғыс жылдары ірі зауыт, фабрика, өнер, білім орындарының шалғайдағы Қазақстанға эвакуацияланғанын білеміз. Солардың арасында Ресейдің ең байырғы оқу орнының бірі саналатын – Ленинград заң институты Жамбылға көшірілгені туралы енді белгілі болуда.

Облыстық архивтегі құжатта облыстық партия комитетінің хатшысы М.Ткаченкоға Ленинград заң институтының директоры Петрофтың қатынас хаты сақталған. Онда 1944-1945 жаңа оқу жылына әзірлік мәселесі сөз болған. Аталмыш институттың бұл жылы Ленинградқа оралмайтындықтарын, жаңа оқу жылындағы жоспар бойынша 200 студентті қабылдау жұмыстарын жүргізетіндігін хабардар етеді. Осыған орай жергілікті атқарушы билік тарапынан институт орналасқан Жамбыл қаласы Ленин көшесі, № 30, (бұрынғы Октябрь революциясы атындағы) мектеп ғимаратына жөндеу жұмыстарын жүргізіп беруді өтінген.

Институтта 30 орындық жатақхананың толық екендігін осыған орай жергілікті билік қосымша тұрғынжай орындарымен қамтамасыз еткен ретте институт өр орынға ай сайын 20 рубль қаржы бөлетіндіктерін алға тартқан.

Институт қыс маусымына әзірлік барысында 70 тонна сексеуіл отыны қажет екендігі бұл жұмыстар үшін оқу орны тарапынан жұмыс күшімен көмектесе алатындықтарын айта отырып, партия комитеті тарапынан көңіл бөлулерін өтінген.

Әділбек БАҚҚАРАҰЛЫ,
облыстық мемлекеттік архивтің архивісі